

Хаттама №1

Өрлік ауылы

28.01.2021ж.

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы болып өтті.

Қатынасқандар: Н.Рахметуллина – мектеп директоры;

А.Жардемова – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Кеңес мүшелері: Амангалиева Куралай – кеңес мүшесі;

Сулейменова Лаззат – кеңес мүшесі;

Умарова Дина – кеңес мүшесі;

Камешова Анар – кеңес мүшесі;

Жунусова Нургул – кеңес мүшесі;

Жәнібек Айдана – кеңес мүшесі;

Туленов Бертлеу – кеңес мүшесі;

Тлегенов Азамат – кеңес мүшесі;

Утепова Анар – кеңес мүшесі.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.

Тыңдалды: Н.Рахметуллина – мектеп директоры.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі: Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары бекітілген.

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.
2. Қамқоршылық кеңес ҚР-ның ұлттық қауіпсіздік органдарына, ҚР-ның Ішкі істер министрлігіне, ҚР – ның прокуратура органдарына, ҚР-ның Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылады.
3. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды.

4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Сөйледі 1: Тлегенов Азамат- қамқоршылық кеңес мүшесі.

Күн тәртібінің екінші мәселесі: Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау.


Мектеп директоры Н.Рахметуллинаның хабарламасын тыңдай отырып, білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің атқаратын жұмыстары туралы біліп, түсініп отырмыз. Қамқоршылық кеңес жұмысының білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге, тәрбие мен оқыту саласындағы ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету, білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға ат салысатындығын атап көрсете келе. Қамқоршылық кеңестің төрағасы ретінде ата-ана Аманғалиева Куралай Дуадаковнаны ұсынды.


Сөйледі 2: Жәнібек Айдана – қамқоршылық кеңесі мүшесі.


Қамқоршылық кеңес жұмысының білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ететіндігін, білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ете отырып, оның ішінде қаржылық қаражатты бөлу жұмыстарын қоғамдық бақылауды жүзеге асыратындығын айта келе, Тлегенов Азамат Қалдыбаевичтің ұсынысын қолдайтындығын білдірді және қамқоршылық кеңестің хатшысы ретінде Қ.Абаханов атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы С.Муфтуллаеваны ұсынғысы келетіндігін айтты.


Қаулы етті:


1. Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің төрағасы ретінде К.Д.Аманғалиева сайлансын.
3. Қамқоршылық кеңестің хатшысы ретінде Қ.Абаханов атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы С.М.Муфтуллаева бекітілсін.


Қамқоршылық кеңес төрағасы:  К.Аманғалиева


Мүшелері:  Л.Сулейменова


 Д.Умарова


 А.Камешева


 Н.Жунусова

 А.Жәнібек

 А.Тлегенов

 А.Утепова

 Б.Туленов

Хатшы:  С.Муфтуллаева

Хаттама №2

Өрлік ауылы

27.05.2021ж.

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы болып өтті.

Қатынасқандар: Н.Рахметуллина – мектеп директоры;

К.Амангалиева – қамқоршылық кеңес төрағасы;

Л.Сулейменова – кеңес мүшесі;

Д.Умарова – кеңес мүшесі;

А.Камешева – кеңес мүшесі

Н.Жунусова – кеңес мүшесі

А.Жәнібек – кеңес мүшесі

А.Тлегенов – кеңес мүшесі

А.Утепова – кеңес мүшесі

Б.Туленов – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы.
2. Оқушылардың жазғы демалыстарын дұрыс ұйымдастыру.

Тыңдалды 1:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі 2020-2021 оқу жылының аяқталу қорытындысы бойынша мектеп директоры Н. Рахметуллина хабарлама жасады.

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп биылғы 2020-2021 оқу жылын 500 оқушымен бастап, 497 оқушымен аяқтады. Оның 4-і денсаулығына байланысты үйден оқытылып отыр. Жыл қорытындысымен 75 оқу озаты мақтау қағазымен марапатталды. Оқушылар жанартылған бағдарлама аясында білім алды.Барлық сыныптарға арнайы курстардан өткен мұғалімдер сабақ береді. Мектебімізде «Күнделік», «Онлайн Мектеп, «Дарын» платформаларымен нәтижелі жұмыс жасалуда және дұрыс жолға қойылған. Оқушыларымыздың күнделікті бағалануы, БЖБ,ТЖБ қорытындылары, оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігіне ұстаздардың берген кері байланыстарын ата-аналар «Күнделік» платформасы арқылы бақылап отырады.

Тыңдалды 2:

Күн тәртібінің екінші мәселесі оқушылардың жазғы демалыстарын дұрыс ұйымдастыру туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тулесов хабарлама жасады.

Жыл сайынғы мектебімізде оқушылардың жазғы демалысы тиімді ұйымдастырылып келеді. Биылғы оқу жылында да мектеп жанынан «Гүлдәурен» жазғы сауықтыру лагері ашылып, сауықтыру лагері жоспарлы түрде екі кезеңге 25 оқушыдан қамтамасыз етіледі. Жалпы 50 оқушы. 2020-2021 оқу жылы бойынша да оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі бос уақытын ұйымдастыру жоспары жасақталып, бекітілді. Лагерьге 1- 4 сыныптар арасында денсаулығына байланысты

Өрлік ауылдық амбулаториясында есепте тұрған оқушылар, сонымен қатар атаулы элеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан білім алушылар мен ҚР Үкіметінің №64 қаулысына сәйкес өзге де санаттағы оқушылар қабылданады. Сонымен қатар аудандық «Жас өркен», Атырау қаласындағы «Тұлпар» лагеріне де аудандық білім бөлімінен берілген сандық бөлініске сәйкес оқушыларды қамтуға жұмыстанамыз.

Қазіргі таңда еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты жазғы сауықтыру лагеріне барудан бастартып отырған атаулы элеуметтік көмек алатын отбасы балаларының орнына мектеп бойынша көп балалы, жартылай жетім, жалғыз басты ана балалары, толық емес отбасынан шыққан білімалушылар және де оқу озаттарын жіберу туралы қамқоршылық кеңес мүшеліне ұсыныс айтқымыз келеді деп өз сөзін қортындылады.

Сөйледі: Камешева Анар – қамқоршылық кеңес мүшесі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігінің хабарламасын тыңдадық. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігінің жұмысын жоғары деңгейде деп айта аламыз. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тулповтың қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты ата-аналардың арасында балаларын жазғы сауықтыру лагерлеріне жіберуден бастартып отырған ата-аналар кездесуде. Сондықтан өзге де категориядағы ата-аналардың балаларын да жазғы сауықтыру лагерлеріне қамтуды ұйымдастыруларына қарсы еместігімді білдіргім келеді.


Сөйледі: Утепова Анар – кеңес мүшесі.


Биылғы оқу жылында мектеп әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңесі ұйымының жұмысы өте нәтижелі болды деп ойлаймын дей келе мектеп әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңесінің жұмыс нәтижелеріне ризашылығын білдіріп, оң баға берді.


Қаулы:


1. Жазғы уақытта оқушылардың бос уақытын ұйымдастырылуы жоспарға сәйкес өткізілсін.
2. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігіне оқу – тәрбие жұмыстарына ұсыныстар берілсін.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмысы әрі қарай өз жұмысын жалғастырсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  К.Аманғалиева


Мүшелері:  Л.Сулейменова


 Д.Умарова


 А.Камешева

 Н.Жунусова

 А.Жәнібек

 А.Тлегенов

 А.Утепова

 Б.Туленов

Хатшы:  С.Муфтуллаева

Хаттама №3

Өрлік ауылы

03.08.2021ж.

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы болып өтті.

Қатынасқандар: Н.Рахметуллина – мектеп директоры;

К.Амангалиева – қамқоршылық кеңес төрағасы;

Л.Сулейменова – кеңес мүшесі;

Д.Умарова – кеңес мүшесі;

А.Камешева – кеңес мүшесі

Н.Жунусова – кеңес мүшесі

А.Жәнібек – кеңес мүшесі

А.Тлегенов – кеңес мүшесі

А.Утепова – кеңес мүшесі

Б.Туленов – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. «Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорынан» 2021 жылға бөлінген қаражаттың игерілуі.
2. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру.

Тыңдалды 1: Н.Рахметуллина – мектеп директоры күн тәртібінің бірінші және екінші мәселесі бойынша хабарлама жасады.

«Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорынан» 2021 жылдың тамыз айына бөлінген 2 085 000 (екі миллион сексен бес мың) теңге қаржыны атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар қатарындағы алты жастан он сегіз жасқа дейінгі орта білім беру ұйымдарында оқитын балаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 30 желтоқсандағы №1032 қаулысымен түрлері мен көлемдері бекітілген кепілдендірілген әлеуметтік топтамалардың берілуі заңдылыққа сәйкес ұйымдастыруымыз қажет.

«Қ.Абаханов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу жылына білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысымен бекітілген мектеп асханалары қызметінің тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп асханасы карантиндік шектеулерді сақтай отырып асхана толымдылығының 30% қатаң сақтай отырып, әлеуметтік қашықтықты сақтау – үстелдер мен келушілер арасындағы қашықтық сақтылынады және едендер мен стол, орындықтарға белгілер салынды. Мектеп асханасында бейнебақылау камерасы орнатылған.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына енгізілген өзгеріс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 «Орта білім беру

ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 69,70 қосымшасына сүйеніп ЖК «У.Мырзахметова» - мен 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін келісім шарттың ұзартылғанын ескере отырып, сонымен қатар санитарлық – эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып жалпы мектеп бойынша 1-4 сыныптардың оқушыларын және 5-11 сынып оқушылары арасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген тегін тамақтану құқығына ие жеке санаттағы оқушыларын ыстық тамақпен қамту жоспарлануда.

Тыңдалды 2:

Амангалиева Куралай – «Қамқоршылық кеңесі» төрайымы күн тәртібінің бірінші және екінші мәселесі бойынша хабарлама жасады.

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар және өзге де санаттағы отбасылардан шыққан алты жастан он сегіз жасқа дейін оқитын балалар тізімін нақтылау мақсатында мектеп әкімшілігінен құрылған арнайы алқаның отырысында анықталған тізімді қарай отырып «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен бөлінген 2 085 000 (екі миллион сексен бес мың) теңге қаржыны мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларды тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын ескере отырып мектеп оқушыларына осы оқу жылында әлеуметтік топтама түрінде көмек көрсетудің дұрыс ұйымдастырылуын бақылап отыруымыз керек және осы көмекті алатын отбасылардың балаларының тізімін заңдылығына сүйене отырып анықтауымыз керек.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша да жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Қыркүйек айына дейін оқушылар санының өзгеретіндігін ескеретін болсақ, бұл бағытта да заңдылықтарға сүйене отырып әрекет етуіміз керек. 1-4 сынып оқушылары толық ыстық тамақпен қамтылатындығын ескерсек, 5-11 сынып оқушыларын ҚР Үкіметінің №64 қаулысына сәйкес санаттарымен және өзге де санаттағы оқушылардың ата-аналарының өтінішін қабылдау жұмыстарын ұйымдастыра беруіміз керек деген ұсынысын білдірді.

1.Сөйледі.

Умарова Дина - қамқоршылық кеңесі мүшесі.

Хаттама №4

Өрлік ауылы

11.11.2021ж

Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы болып өтті.

Қатынасқандар: Н.Рахметуллина – мектеп директоры;

К.Аманғалиева – қамқоршылық кеңес төрағасы;

Л.Сұлейменова – кеңес мүшесі;

Д.Умарова – кеңес мүшесі;

А.Камешева – кеңес мүшесі

Н.Жунусова – кеңес мүшесі

А.Жәнібек – кеңес мүшесі

А.Тлегенов – кеңес мүшесі

А.Утепова – кеңес мүшесі

Б.Туленов – кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Қ.Абаханов атындағы орта мектеп бойынша дәстүрлі 2021 жылғы Президенттік шыршаға қатынасатын оқушыларды және дәстүрлі 2021 жылғы аудан әкімінің шыршасына қатынасатын оқушыларды анықтау.

Тыңдалды: М.Тулесов – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары хабарлама жасады.

Қ. Абаханов атындағы орта мектеп бойынша жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін аудан әкімінің 2021 жылғы жаңа жылы мен дәстүрлі Президенттік шыршаға қатынасатын оқушыларды анықтауымыз керек. Әр жылы осы бағытта Аудандық білім бөлімінің хаты келіп, хатта көрсетілген талаптарға сай мектеп бойынша оқушы ұсынамыз. Биылғы оқу жылында да осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде атқарып, жаңа жылдық шыршаға баратын оқушыларды ұсынуларыңызды сұраймын.

Сөйледі 1:

Б.Туленов – қамқоршылық кеңес мүшесі.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері аудан әкімінің жаңажылдық шыршасына берілген санаттағы оқушыларды екшей келе, бұрын аудандық әкім шыршасына қатынаспаған төмендегі оқушыларды ұсынғымыз келеді. Олар атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан 3 сынып оқушысы Салауат Уалихан, 4-сынып оқушылары Жұма Бексұлтан, Қайыржанқызы Нұрмая, Сапарғали Тілепберген, 5-сынып оқушылары Жандосұлы Жақсыкелді, Әжу Райгүл, Оңайғали Нұрдана және де көп балалы отбасынан шыққан 5 сынып оқушысы Жамбылқызы Анель мен Тулеген Шырайлымды, 6-сынып оқушысы Есқали Дильназды ұсынғымыз келеді.

Сөйледі 2:

Умарова Дина – қамқоршылық кеңес мүшесі.

Егер Аудандық білім бөлімінен келген хатты басшылыққа алатын болсақ мектебімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жетім, патронаттық тәрбиедегі оқушылар жоқ және де бұрын жаңа жылдық шыршаға қатынаспаған оқушы болу керек. Жоғарыда көрсетілген санаттағы оқушылардан кейінгі санатта ерекше білімді қажет ететін ерекше оқушыларымызды ескеретін болсақ 4 сынып оқушысы Саматұлы Диасты, сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары арасынан 7 сынып оқушысы Сапарғали Қасиетті ұсынғым келеді.

Қаулы:

1. Дәстүрлі 2021 жылғы Президенттік шыршаға төмендегі оқушылар ұсынылсын:

1. Саматұлы Диас – 4 сынып оқушысы, ерекше білімді қажет ететін оқушы.
2. Сапарғали Қасиет – 7 сынып оқушысы, АӘК.

2. Дәстүрлі 2021 жылғы аудан әкімінің шыршасына төмендегі ұсынылған оқушыларды қатынастыру ұйымдастырылсын.

1. Салауат Уалихан 3 - сынып оқушысы, АСП;
2. Жұма Бексұлтан 4- сынып оқушысы, АСП;
3. Қайыржанқызы Нұрмая 4- сынып оқушысы, АСП;
4. Сапарғали Тілепберген 4-сынып оқушысы, АСП;
5. Жандосұлы Жаксыкелді 5- сынып оқушысы, АСП;
6. Әжу Райгүл 5- сынып оқушысы, АСП;
7. Оңайғали Нұрдана 5- сынып оқушысы, АСП;
8. Жамбылқызы Анель 5- сынып оқушысы, көп балалы отбасы;
9. Тулеген Шырайлым 5-сынып оқушысы, Көп балалы отбасы баласы, үздік оқушы;
10. Есқали Дильназ 6-сынып оқушысы, көп балалы отбасы баласы.

3. Аудан әкімінің шыршасына және дәстүрлі Президенттік шыршаға қатыналатын оқушылар мектеп әкімшілігіне ұсынылсын, ата-анасымен түсінік жұмыстарын жүргізу қамқоршылық кеңес төрағасы К.Аманғалиеваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: К.Аманғалиева К.Аманғалиева

Мүшелері: Л.Сулейменова Л.Сулейменова

Д.Умарова Д.Умарова

А.Камешева А.Камешева

Н.Жунусова Н.Жунусова

А.Жәнібек А.Жәнібек

А.Тлегенов А.Тлегенов

А.Утепова А.Утепова

Б.Туленов Б.Туленов

Хатшы: С.Муфтуллаева С.Муфтуллаева